

УДК 378.12:331.7:154.2.001.5

А.К. ЕШМАНОВА¹, А.Д. СОКОЛОВ², Б.А. ЖҮСПЕБЕКОВА², Ш.О. РЫСПЕКОВА¹,
А.И. НУФТИЕВА¹, Д.Д. ЖҮНИСТАЕВ¹, У.С. АРТЫҚБАЕВА¹, К.К. АЛПЫСБАЕВА¹,
Д.А. ИЛЬЯСОВА¹, Г.Б. ҮМІТБАЕВА¹, К.Р. САРИНОВА², Б.А. ҚЫЗБАЕВА²,
Б. ИСАМАТОВ¹, Н. ХИСАМУТДИНОВ¹, Д.А. ХАЙРУШЕВА¹, А.А. САГИМБАЕВА¹,
А.К. ӘБІҚҰЛОВА¹, Г.К. МОЛДАБЕК¹, Г.Р. ӘДІЛЖАН¹, Л.А. ӘЛМАҒАМБЕТОВА¹,
А.Т. МАНШӘРІПОВА¹, Д.Ж. ТӨЛЕУОВА¹, А.Г. БЕЛТЕНОВА¹, З.И. МАКЕЕВА³

¹С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ.,

²Назарбаев интеллектуальды мектебі, Алматы қ.,

³Шаруашылық жүргізу құқығындағы «ҰОС емханасы» Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Алматы қ.

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ТҰРҒЫДАН КҮЙІНУІН ЗЕРТТЕУ



Ешманова А.К.

Кейбір кәсіптер, әсіресе білім беру мекемелері оқытушыларының қызметінде жеке тұлға ретінде жоғары кәсіби біліктілікпен қатар, эмоционалды қайтарымды да талап етеді. Бұл мамандық өкілдерінің жасы келген сайын кәсібилік күйіну (ПК) синдромы қалыптасатыны дәлелденген. Бұл өз кезегінде, осы маман иелерінің жұмысында стрессогендердің көп орын алуына байланысты, әртүрлі жүйе қызметінің патологиялық өзгерістерімен байқалады.

Зерттеудің мақсаты. Алматы қаласы оқыту мекемелері ұстаздарының кәсіби (эмоционалды) күйіну дәрежесін анықтау.

Материал және әдістер. Зерттеуде К. Маслач әзірлеген және оқытушыларға бейімделген «Кәсіби (эмоционалды) күйіну» сауалнамасы қолданылды. Зерттеу объектісі ретінде интеллектуалды еңбек қызметкерлері алынып, 3 топқа бөлінді: 1 – ғылыми қызметкерлер (бақылау тобы); 2 – ҚазҰМУ клиникалық емес кафедра оқытушылары; 3 – Алматы қаласы физикалық-математикалық бағыттағы Назарбаев Интеллектуалды мектебінің оқытушылары. Зерттеуге жалпы 242 адам қатысты.

Нәтижелері және талқылауы. Зерттеу нәтижелері зерттеуге қатысқандардың ішінде орташа, жоғары және өте жоғары дәрежелі ЭКС кездесетінін көрсетті. Ғылыми қызметкерлердің тобында оқытушылар тобымен салыстырғанда өте жоғары дәрежелі ЭКС көп мөлшерде анықталды. Кәсіби күйіну синдромына көбінесе жас мамандар (жұмыс өтілі 3 жылға дейін, 24 жасқа дейін) шалдыққан, әсіресе ғылыми қызметкерлер арасында.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері қызмет түріне байланысты эмоционалды күйіну синдромының негізгі сыртқы факторларын іздеу және дәлелдеу мақсатында жаңа тиімді және максималды қауіпсіз профилактикалық әдістерін іздеу және осы синдром байқалатын функционалды жағдайдың бұзылыстарын коррекциялау мақсатында зерттеуді жалғастыру керектігін көрсетті.

Негізгі сөздер: кәсіби күйіну, эмоционалды жүдеу синдромы, эмоциональды жүдеу, оқытушылар.

Кейбір мамандықтар, әсіресе білім беру мекемелерінде оқыту саласы тек кәсіби шеберлік ғана емес, сонымен қатар, эмоционалды қайтарымды да талап етеді. Осы салада қызмет етушілерде олардың кәсіптерінде стрессогендердің көп болуына байланысты әртүрлі жүйелерінің түрлі бұзылыстары мен патологияларымен жүретін кәсіби күйіну синдромы қалыптасатындығы дәлелденген [1, 2, 3].

Осылайша, стресті жағдайларға жиі түсу адам ағзасына кері әсерін тигізетіндігі ғылыми түрде дәлелденген. Қазіргі таңда білім беру саласындағы қатаң талап басты фактор болып отыр және ол созылмалы стресс фонында дамитын және жұмыскердің эмоционалды-энергетикалық, адами ресурстарының сарқылуына апаратын кәсіби күйіну синдромына алып келеді. «Күйінудің» негізгі қауіптілігі

оның қысқа мерзімді көрініс емес ұзақ уақытты процесс екендігінде [4, 5, 6].

Оқытушылардың 12 ден 48% на дейін қалыптасқан күйіну синдромы бар екені белгілі. Оқытушылар арасындағы осы синдромға шалдығу деңгейін зерттеу барысында еңбек ету мерзімі аз жас оқытушыларда ғана эмоционалды күйінудің жоқ екендігі белгілі болды. Оқытушылардың кәсіби күйіну синдромы бүкіл білім беру жүйесіне айтарлықтай қауіп төндіруде. Осыған байланысты ғылыми-негізделген әдістемелерін жетілдіруге және кәсіби күйіну қауіп қатерін анықтауға және оның алдын алуға бағытталған зерттеулер ерекше өзектілікке ие болып отыр [6].

Жұмыс барысында үлкен қысым болған жағдайда жүйке жүйесіне қауіпсіз қысым дәрежесін орнатқан маңызды.

Хабарласу үшін: Ешманова Айнұр Қайыркенқызы, м.ғ.к. доцент, геронтология және гериатрия ғылыми мектебінің жетекшісі, С.Ж. Асфендияров ат. ҚазҰМУ, Алматы қ. Тел.: + 7 708 727 4928, e-mail: yeshmanova@yandex.kz

Contacts: Ainur Kayrkenovna Eshmanova, MD, PhD, Head module «Gerontology and Geriatrics» KazNMU n.a. S.D. Asfendiyarov, Almaty c. Ph.: + 7 708 727 4928, e-mail: yeshmanova@yandex.kz

Сонда кәсіби күйінуді бақылауда ұстап тұруға немесе мүлде болдырмауға болады [7, 8].

Кәсіби күйіну синдромы психологияда ұзақ мерзімді стрестің, сонымен қатар кейбір кәсіби дағдарыстардың бір көрінісі ретінде түсіндіріледі. Ол теріс эмоциялардың сәйкесінше «разрядтауынсыз» жиналуының нәтижесінде туындайды, ол өз кезегінде адамның эмоционалды-энергетикалық, адами ресурстарының тоқырауына алып келеді. «Кәсіби күйіну» түсінігі медицина мен психологиялық әдебиеттерде салыстырмалы түрде жақын арада пайда болды және ол «адам-адам» жүйесінде жұмыс істейтін дені сау адамдардың психологиясын мінездеу үшін қолданылады. Калифорния университетінің психология профессоры Кристина Маслач және оның ұжымдастары өзіне:

Эмоционалды сарқылу (эмоционалды фонның төмендеуі, немқұрайлық).

Деперсонализация (басқа адамдармен қарым қатынасын өзгерту, басқа біреулерге тәуелділігін жоғарылату, қоршаған ортаға негативтілікпен, тіпті безерлікпен қарау).

Жеке жетістіктеріне редукция (өзін, өзінің кәсіби жетістіктері мен сәттіліктерін кері бағалаудағы тенденция, өзінің мүмкіндіктерін, басқа біреулерге қарым қатысындағы міндеттерін шектеу) қосатын үш компонентті жүйе ретінде қарастыра отырып, кәсіби күйіну мәселесін шешудің ғылыми тәсілін ойлап тапты [8, 9].

Зерттеудің мақсаты – Алматы қаласы оқыту мекемелері ұстаздарының кәсіби (эмоционалды) күйіну дәрежесін анықтау.

МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Зерттеуде К. Маслач әзірлеген және оқытушыларға бейімделген «Профессионалды (эмоционалды) күйіну» сауалнамасы қолданылды. Зерттеу объектісі ретінде интеллектуалды еңбек қызметкерлері алынып, 3 топқа бөлінді: 1 – ғылыми қызметкерлер (бақылау тобы); 2 – ҚазҰМУ клиникалық емес кафедра оқытушылары; 3 – Алматы қаласы физикалық-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқытушылары. Зерттеуге жалпы 242 адам қатысты (1 кесте).

Кесте 1 – Зерттеуге арналған топтарға мінездеме


Кәсіби топтар, N= 242	Мінездеме		Түсініктеме
ҚазҰМУ ҒЗИ ғылыми қызметкерлері (бақылау тобы)	Саны		47
	Жынысы	ер	6
		әйел	41
	Жасы		38,43±1,89
	Еңбек ету мерзімі		8,89±1,15
ҚазҰМУ клиникалық емес кафедраларының оқытушылары	Саны		118
	Жынысы	ер	17
		әйел	101
	Жасы		46,90±1,28
	Еңбек өтілі		16,12±1,22
Алматы қ. НЗМ оқытушылары	Саны		77
	Жыныс	ер	20
		әйел	57
	Жасы		36,48±1,20
	Еңбек өтілі		12,21±1,08

Зерттеуге қосуға қойылатын критерийлер: Білім беру мекемелерінің жынысқа байланыссыз 20 жастан асқан оқытушыларынан ерікті келісімін алу.

Зерттеуден шығаруға қойылатын критерийлер: ғылыми зерттеуге қатысуға келісім бермегендер, зерттеудің мақсатын түсінбегендер.

НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУЫ

К. Маслач пен С. Дженксонның моделі бойынша жасалған кәсіби күйінудің үш компонентті жүйесі бойынша «эмоционалды сарқылу» шкаласымен ең аз көрсеткішке ие (1-сурет) клиникалық емес кафедраларының оқытушылары (11%), ал ең көп көрсеткіш НЗМ оқытушыларында (49%) екендігі анықталды. Эмоционалды сарқылу түсінігі ретінде өз жұмысынан эмоционалды тозу, шаршауды айтуға болады. Бұл көрсеткіштің жоғары болуы қазіргі таңда қалай оқушылармен болса, солай олардың ата анасымен де кәсіби қарым қатынас жасаудың эмоционалды жағының босаңсуын айтуы мүмкін.



1-сурет – 3 топтағы эмоционалды сарқылу

Деперсонализация секілді факторларды салыстырғанда, нәтижесі барлық сұралған топтар жоғары дәрежеге ие екенін көрсетті. Сонымен қатар, байқалатын жағдай, ол еңбекке және еңбек объектілеріне деген безерлілік ғылыми қызметкерлерге тән екендігі (89,4%).

Егер жеке жетістер редукциясы (қызметкерлердің кәсіби ортасындағы біліктілігіне күмәндану) секілді факторларды қарастырса, онда жоғары дәрежеге клиникалық

Кесте 2 – Үш топтағы деперсонализация


Кәсіби топтар		Деперсонализация			Барлығы
		Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей	
Ғылыми қызметкерлер	абс	0	5	42	47
	%	0%	10,6%	89,4%	100,0%
Клиникалық емес кафедра оқытушылары	абс	1	31	86	118
	%	8%	26,3%	72,9%	100,0%
НЗМ мұғалімдері	абс	0	42	35	77
	%	,0%	54,5%	45,5%	100,0%
Барлығы	абс	1	78	163	242
	%	4%	32,2%	67,4%	100,0%

Кесте 3 – Тұлға жетістіктерінің редукциясы


Кәсіби топтар		РЛД			Барлығы
		төменгі дәреже	орта дәреже	жоғары дәреже	
Ғылыми қызметкерлер	абс	18	17	12	47
	%	38,3%	36,2%	25,5%	100,0%
Клиникалық емес кафедра оқытушылары	абс	42	45	31	118
	%	35,6%	38,1%	26,3%	100,0%
НЗМ мұғалімдері	абс	64	12	1	77
	%	83,1%	15,6%	1,3%	100,0%
Барлығы	абс	124	74	44	242
	%	51,2%	30,6%	18,2%	100,0%

Кесте 4 – Күйіну дәрежесінің интегральды көрсеткішін анықтау

Кәсіби топтар		Дәреже				Барлығы
		төменгі дәреже	орта дәреже	жоғары дәреже	Аса жоғары дәреже	
Ғылыми қызметкерлер	абс	0	4	29	14	47
	%	,0%	8,5%	61,7%	29,8%	100,0%
Клиникалық емес кафедра оқытушылары	абс	1	37	60	20	118
	%	,8%	31,4%	50,8%	16,9%	100,0%
НЗМ мұғалімдері	абс	1	45	22	9	77
	%	1,3%	58,4%	28,6%	11,7%	100,0%
Барлығы	абс	2	86	111	43	242
	%	,8%	35,5%	45,9%	17,8%	100,0%



Сурет 2 – Эмоциональды таусылу жасына байланысты



Сурет 3 – Жасына байланысты деперсонализация

емес кафедра оқытушылары мен ғылыми қызметкерлер ие (3 кесте), ал аз дәреже НЗМ-де, себебі, кәсіби қызмет өз өзін қалыптастырудың резерві болып табылады [4, 5].

Күйіну дәрежесінің интегральды көрсеткішін анықтау барысында, көбінесе ғылыми қызметкерлердің жиі шалдығатыны анықталды (ең жоғары күйіну дәрежесі (29,8%), ал ең аз НЗМ мұғалімдерінде тіркелді (4 кесте)

Алынған деректерді саралағанда жас ерекшеліктеріне байланысты жоғары эмоциональды күйіну 24 жастан төмен топқа сәйкес келеді, ал төмен дәрежелі күйіну қарт адамдарда анықталды. Мұндай көрсеткіштер, 24 жасқа (2-сурет) дейінгі тұлғалардың эмоциональды қорғанысының қалыптаспағандығын, ал жасы келген тұлғалардың кәсібі бойынша жұмысына кәсіби бейімделушілігінің бар екендігін көрсетеді.


Деперсонализацияның жоғары дәрежесі жасы келген адамдарға тән. Деперсонализацияның дәрежесін анықтау – әр түрлі әлеуметтік (немесе коммуникативті) мамандардың кәсіби бейімделу барысында қажетті психологиялық қорғаныс механизмі.

Деректерді саралау барысында, тұлғалық жетістік редукциясының төменгі дәрежесі 24 жастан төменгі тұлғаларда анықталды. Оны біз ұжымдағы өзіндік орнын сезінумен байланыстырамыз (4-сурет). Ал жасы келген тұлғаларға бұл көрсеткіштің жоғары дәрежесі тән. Ол өз кезегінде, шын мәнінде жеткен жетістігінің маңыздылығын төмен бағалаумен және жұмысына деген көзқарасының өзгеруінен екіншілік сапалық төмендеуімен негізделген.


Күйіну дәрежелерінің интегральды мәнін зерттеу барысында жоғары дәрежелі күйіну дәрежесі жастарда анықталды (5-сурет).

Кәсібі бойынша эмоциональды таусылу көрсеткішін саралау барысында 10 жылдан 20 жылға дейін еңбек өтілі бар тұлғаларда жиі, ал 10 жылға дейін еңбек өтілі бар тұлғалардың көрсеткіші аз тіркелген.

Деперсонализацияның жоғары дәрежесі 10 жылдан 20 жылға дейін еңбек өтілі бар тұлғаларда да тіркелген (7-сурет).




Сурет 4 – Тұлғалық жетістіктерінің редукциясы, жасына байланысты



Сурет 5 – Күйіну дәрежесі, жасына байланысты

Тұлғалық жетістік редукциясының төменгі дәрежесі 3 жылға дейін еңбек өтілі бар тұлғаларда анықталған. Біздің ойымызша, жас мамандар әлі де жұмысындағы жетістіктеріне қуана алады, өздерінің ұжымға қажеттілігін сезіне алады. Тұлғалық жетістік редукциясының жоғары дәрежелі 10 жылдан артық еңбек өтілі бар тұлғалармен



Сурет 6 – Эмоционалды таусылудың кәсібі бойынша еңбек өтілі



Сурет 7 – Деперсонализация, кәсібі бойынша еңбек өтілі

салыстырғанда жеткен жетістіктерінің нәтижесіне деген өзіндік бағасының төмендеуіне байланысты.

Күйіну дәрежесінің интегралды көрсеткішін бағалауда аса жоғары және жоғары дәрежелі күйіну жас тәжірибесі аз мамандарға тән. Кәсіби бейімделу кезеңінің бастапқы кезі жас мамандардың білімінің және дағдылық қызметінің шеберлігінің жеткіліксіздігіне тікелей байланысты. Бұл, өз кезегінде кәсіби қызметінде шиеленістер (психологиялық стресс) тудырады [5, 6, 9].

Деректерді саралаудағы қызықты қорытындылардың бірі ретінде келесі жағдайды атап өтуге болады, ол эмоционалды таусылуға Алматы қаласы

НЗМ нақты ғылым оқытушылары (физика, химия, математика) шалдыққан.


Жасына байланысты алынған деректерді саралауда, жоғары дәрежелі эмоционалды күйіну 24 жастан кіші топқа сәйкес келеді. Ал төменгі дәрежелі жасы келген тұлғаларда анықталды. Бұндай көрсеткіштер 24 жасқа дейінгі тұлғаларда эмоционалды қорғаныстың «калыптаспағандығын» және керісінше жасы келген тұлғаларда кәсіби бейімдеушілік «калыптасқандығын» көрсетеді (9-сурет).

Осылайша, кәсіби күйінуге көбінесе жас мамандардың (24 жасқа дейін), яғни еңбек өтілі аз мамандардың (3 жылға дейін) шалдығатынын айтуға болады.

Кәсіби күйіну синдромының кездесу жиілігінің ұлғаюына байланысты, одан ары ЭКС жаңа тиімді және максимальды қауіпсіз профилактика әдістерін іздестіру және функционалды жағдайының бұзылыстарын корекциялау қажеттілігі туады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, зерттелген тұлғалардың арасында ЭКС-ның орташа, жоғары және аса жоғары дәрежелері кездеседі. Ғылыми қызметкерлер арасында аса жоғары дәрежелі ЭКС салыстырмалы түрде



Сурет 8 – Тұлғалық жетістік редукциясы, кәсібі бойынша еңбек өтілі



Сурет 9 – Жасына байланысты эмоционалды таусылу



Сурет 10 – Еңбек өтіліне байланысты эмоционалды таусылу

оқытушылардың тобына карағанда жиі кездесті. Оның ішінде жас ғылыми қызметкерлердің (еңбек өтілі 3 жылға дейін, 24 жасқа дейін) арасында жиі кездеседі. Жоғарыда айтылған деректерге сүйене отырып, қызмет түріне байланысты эмоционалды күйіну синдромының негізгі сыртқы факторларын іздеу және дәлелдеу мақсатында жаңа тиімді және максималды қауіпсіз профилактикалық әдістерін іздеу, сонымен қатар осы синдроммен байқалатын функционалды жағдайдың бұзылыстарын коррекциялау жағын зерттеуді жалғастыру керектігін көрсетеді.

Зерттеу мәлдірлігі

Зерттеуге демеушілік қолдау көрсетілген жоқ. Авторлар баспаға ұсынылған қолжазбаның түпкілікті версиясы үшін толық жауап береді.

Қаржылық және басқа да қарым-қатынастар туралы декларация

Бүкіл авторлар мақаланың концепциясын дайындауға және қолжазбаны жазуға қатысты. Қолжазбаның түпкілікті версиясын бүкіл авторлар мақұлдады. Авторлар мақала үшін қаламақы алған жоқ.

Зерттеу жұмысы «ҚазҰМУ профессор-оқытушылар құрамының және студенттерінің жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының профилактикасын және активті ұзақ өмір сүруін жетілдіру мақсатында ғылыми-негіздік

ұсыныстар даярлау және енгізу» атты ғылыми грантының негізінде жасалды, 2016, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 The inevitability of physician burnout: Implications for interventions // Anthony Montgomery Burnout Research. – 2014. – No. 1. – P. 50–56

2 Губин А.И., Евдокимов В.И., Зайцев Д.В., Ценных Е.А. Изучение показателей качества жизни и профессиональной адаптации медицинских работников // Вестник психотерапии. – 2007. – №22(27). – С. 16-22

3 Темрокова С.Б. Специфика врачебной деятельности и особенности проявления профессионального выгорания у медицинских работников // Научный журнал «Апробация». – 2014. – №2(17). – С. 70-73

4 Водопьянова Н.Е., Старченкова Е.С. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. – СПб.: Питер, 2005. – 336 с.

5 Лукина В.С. Вопросы профессионального выгорания и увлеченности работой в зарубежной и отечественной психологии // Общество и цивилизация. – 2015. – Т. 3. – С. 4-8

6 Смирнова И.Е. Оценка и критерии профессионального выгорания // Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров. – 2014. – №3(20). – С. 43-47

7 Кучер В.С., Водопьянова Н.Е. Психологическое сопровождение как комплексный подход к профилактике и коррекции профессионального выгорания медицинского персонала. Ученые записки СПбГМУ им. акад. И. П. Павлова. – СПб., 2014. – Т. XXI, №1. – С. 92-94

8 Alarcon G.M. A meta-analysis of burnout with job demands, resources, and attitudes // Journal of Vocational Behavior. – 2011. – No. 79. – P. 549-562

9 Maslach C., Leiter M.P. Early predictors of job burnout and engagement // Journal of Applied Psychology. – 2008. – No. 93. – P. 498-512

REFERENCES

1 The inevitability of physician burnout: Implications for interventions. Anthony Montgomery Burnout Research. 2014;1:50-6

2 Gubin AI Evdokimov VI, Zaitsev DV, Cennykh EA. The study of quality of life and professional adaptation of health care workers. Vestnik psikhoterapii = Journal of psychotherapy. 2007;22(27):16–22 (In Russ.)

3 Temroкова SB. Specificity of medical practice and especially manifestations of burnout in health care workers. Nauchnyi zhurnal «Aprobaciya» = “Testing” scientific journal. 2014;2(17):70-3 (In Russ.)

4 Vodopyanova NE, Starchenkova ES. *Sindrom vygoraniya: diagnostika i profilaktika* [Burnout syndrome: diagnosis and prevention]. St. Petersburg: Peter; 2005. P. 336

5 Lukina VS. Questions of professional burnout and dedication work in the foreign and domestic psychology. *Obshchestvo i civilizatsiya = Society and civilization*. 2015;3:4-8 (In Russ.)

6 Smirnova IE. Evaluation criteria and professional burnout. *Nauchnoe obespechenie sistemy povysheniya kvalifikatsii kadrov = Scientific support skills development system*. 2014;3(20):43-7 (In Russ.)

7 Kucher VS, Vodopyanova NE. *Psikhologicheskoe soprovozhdenie kak kompleksnyi podkhod k profilaktike i korrektsii professionalnogo vygoraniya medicinskogo personala. Uchenye zapiski SPbGMU im. akad. I.P. Pavlova* [Psychological support as a comprehensive approach to the prevention and correction of professional burnout of medical personnel. Scientific notes State Medical University. Acad. Pavlov]. St. Petersburg: 2014;XXI:1:92-4

8 Alarcon GM. A meta-analysis of burnout with job demands, resources, and attitudes. *Journal of Vocational Behavior*. 2011;79:549-62

9 Maslach C, Leiter MP. Early predictors of job burnout and engagement. *Journal of Applied Psychology*. 2008;93:498-512

РЕЗЮМЕ

А.К. ЕШМАНОВА¹, А.Д. СОКОЛОВ²,
Б.А. ДЖУСИПБЕКОВА², Ш.О. РЫСПЕКОВА¹,
А.И. НУФТИЕВА¹, Д.Д. ЖУНИСТАЕВ¹,
У.С. АРТЫКБАЕВА¹, К.К. АЛПЫСБАЕВА¹,
Д.А. ИЛЪЯСОВА¹, Г.Б. УМУТБАЕВА¹,
К.Р. САРИНОВА², Б.А. КИЗБАЕВА², Б. ИСАМАТОВ¹,
Н. ХИСАМУТДИНОВ¹, Д.А. ХАЙРУШЕВА¹,
А.А. САГИМБАЕВА¹, А.К. АБИКУЛОВА¹,
Г.К. МОЛДАБЕК¹, Г.Р. АДІЛЪЖАН¹,
Л.А. АЛМАГАМБЕТОВА¹, А.Т. МАНШАРИПОВА¹,
Д.Ж. ТОЛЕУОВА¹, А.Г. БЕЛТЕНОВА¹, З.И. МАКЕЕВА³

¹Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, г. Алматы,

²Назарбаев Интеллектуальные школы, г. Алматы,

³ГКП на ПВХ «Поликлиника ВОВ», г. Алматы

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ СРЕДИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ

Некоторые профессии, особенно деятельность преподавателей образовательных учреждений предъявляет высокие требования к его личности не только в виде профессионального мастерства, но и большой эмоциональной отдачи. Доказано, что с возрастом у представителей этих профессии формируется синдром профессионального выгорания (ПВ), который может сопровождаться различными расстройствами и патологией различных систем, поскольку их профессиональная деятельность насыщена стрессогенами.

Результаты исследования отражают необходимость дальнейшего исследования для поиска и обоснования основных внешних факторов СЭВ в зависимости от сферы деятельности и дальнейшего поиска новых эффективных и максимально безопасных методов профилактики СЭВ и коррекции расстройств функционального состояния, сопряженных с данным синдромом.

Цель исследования. Выявление степени профессионального (эмоционального) выгорания у преподавателей образовательных учреждений г. Алматы.

Материал и методы. В исследовании применили Опрос-

ник «Профессиональное (эмоциональное) выгорание», разработанный К. Маслахи, адаптированный для преподавателей. Объектами исследований явились работники интеллектуального труда, которые были разделены на 3 группы: 1 – научные сотрудники (контрольная группа), 2 – преподаватели неклинических кафедр КазНМУ и 3 – преподаватели Назарбаев Интеллектуальной Школы (далее НИШ) физико-математического направления г. Алматы. Всего приняли участие в исследовании 242 человека.

Результаты и обсуждение. Результаты исследования показали, что среди обследованных лиц встречаются средней, высокой и крайне высокой степени СЭВ. В группе научных сотрудников, которая изначально предполагалась для контроля выявлен большой удельный вес проявлений крайне высокой степени синдрома эмоционального выгорания (СЭВ) в сравнении с группами преподавателей. В большей степени профессиональному выгоранию подвержены молодые специалисты (стаж до 3 лет, возраст до 24 лет), преимущественно среди научных сотрудников.

Выводы. Результаты исследования отражают необходимость дальнейшего исследования для поиска и обоснования основных внешних факторов СЭВ в зависимости от сферы деятельности и дальнейшего поиска новых эффективных и максимально безопасных методов профилактики СЭВ и коррекции расстройств функционального состояния, сопряженных с данным синдромом.

Ключевые слова: профессиональное выгорание, синдром эмоционального истощения, эмоциональное истощение, преподаватели.

SUMMARY

A.K. YESHMANOVA¹, A.D. SOKOLOV²,
B.A. DZHUSIPBEKOVA², Sh.O. RYSPEKOVA¹,
A.I. NUFTIYEVA¹, D.D. ZHUNISTAYEV¹,
U.S. ARTYKBAYEVA¹, K.K. ALPYSBAYEVA¹,
D.A. ILYASOVA¹, G.B. UMUTBAYEVA¹,
K.R. SARINOVA², B.A. KYZBAYEVA², B. ISAMATOV¹,
N. KHISAMUTDINOV¹, D.A. KHAYRUSHEVA¹,
A.A. SAGIMBAYEVA¹, G.K. ABIKULOVA¹,
A.G. MOLDABEK¹, G.R. ADIL'ZHAN¹,
L.A. ALMAGAMBETOVA¹, A.T. MANSHARIPOVA¹,
D.Zh. TOLEUOVA¹, A.G. BELTENOVA¹, Z.I. MAKEEVA³

¹Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty c.,

²Nazarbayev Intellectual School, Almaty c.,

³State-owned enterprise operating on the basis of economic control rights "Polyclinic of Great Patriotic War", Almaty c.

THE STUDY OF PROFESSIONAL BURNOUT AMONG THE TUTORS OF EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Some professions, especially the activity of tutors of the educational institutions, makes high demands of his personality, not only as a professional skill, but also a great emotional output. It is proved that with age the burnout syndrome (BS) is formed in representatives of these professions, which may be accompanied by a variety of disorders and pathologies of different systems, because their professional activity is full of stress.

Study purpose. To reveal a level of professional (emotional) burn-out at the teachers of educational institutions of Almaty city.

Material and methods. In this study we used an adapted for tutors a questionnaire "Professional (emotional) burnout" developed by K. Maslach. The objects of research were the knowledge workers, who were divided into 3 groups: 1 – Research staff (control group), 2 – tutors of non-clinical departments of S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University, 3 – Physics and Mathematics teachers of Nazarbayev Intellectual Schools (further NIS) in Almaty. Total amount of participants in the study were 242 persons.

Results and discussion. Results of study showed that among those surveyed persons the middle, high and extremely high degree

of emotional burnout syndrome (further EBS) are met (=found). In the group of research staff (control group), which originally was supposed for the control, revealed a large proportion of the manifestations of the extremely high degree of EBS in comparison with groups of tutors. To a greater extent, young professionals (up to 3 years' experience, the age of 24 years) is exposed to professional burnout, mainly among research staff.

Conclusions. The findings reflect the necessity for further research for search and study the major external factors of EBS depending on the scope of activities and further search of new effective and the safest methods of EBS prevention and correction of disorders of functional state, associated with this syndrome.

Key words: *professional burnout, emotional exhaustion syndrome, emotional exhaustion, teachers.*

Сілтеме үшін: Ешманова А.К., Соколов А.Д., Жүсіпбекова Б.А., Рысбекова Ш.О., Нуфтиева А.И., Жүністаев Д.Д., Артықбаева У.С., Алпысбаева К.К., Ильясова Д.А., Үмітбаева Г.Б., Сарина К.Р., Қызбаева Б.А., Исаматов Б., Хисамутдинов Н., Хайрушева Д.А., Сағимбаева А.А., Әбіқұлова А.К., Молдабек Г.К., Әділжан Г.Р., Әлмағамбетова Л.А., Маншәріпова А.Т., Төлеуова Д.Ж., Белтенова А.Г., Макеева З.И. Білім беру мекемелері оқытушыларының кәсібі тұрғыдан күйінуін зерттеу // *Medicine (Almaty)*. – 2016. – No 12 (174). – P. 31-37

Статья поступила в редакцию 05.12.2016 г.

Статья принята в печать 19.12.2016 г.